

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТЕРЕКТІ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ



ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ТЕРЕКТИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА ЗАПАДНО-
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 253

2024 ЖЫЛҒЫ 30 сәуір

Теректі ауылы

Оқушылар арасындағы аудандық
«Көктемгі бағдар-2024» жарысын
өткізу туралы

«Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы» КММ-нің жұмыс жоспарына сай **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың мамыр айының 10 күні Жаңа өмір ауылында оқушылар арасындағы спорттық бағдарлау бағытынан «Көктемгі бағдар-2024» жарысының аудандық кезеңі өткізілсін.

2. «Көктемгі бағдар - 2024» жарысының аудандық кезеңін ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі «Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы» КММ-нің директоры Ж.Мухамбетовке жүктелсін.

3. Аудандық жарысқа командалардың қатысуын мектеп директорлары қолдау көрсетіп, қамтамасыз етсін.

4. Жарыс өтетін күні және жол үстінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілік команда жетекшілеріне міндеттелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысының м.а:

Т.Каипғалиев



«Бекітемін»

ЖЭО-ның директоры

Ж.С.Мухамбетов

Аудандық «Көктемгі бағдар - 2024» спорттық бағдарлау жарысын өткізу туралы ережесі

I. Мақсаты

Спорттық бағдарлауды насихаттау, бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту, жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру, облыстық құрамаға үздік спортшыларды анықтау мақсатында өткізіледі.

II. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2024 жылдың 10 мамыр күні Теректі ауданы, Жаңа өмір ауылында өтеді. Қатысушылардың келу уақыты 10 мамыр Шаған ЖОББМ-не сағат 10.00 – ге дейін.

III. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа аудандық, қалалық білім орындары, арнаулы оқу орындары мен жоғары оқу орындарының және туризм орталықтарының командалары катысады. Қатысушылардың жас ерекшеліктері:

ҰҚ10 (2015 – 2014 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ12 (2013 – 2012 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ14 (2011 – 2010 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ16 (2009 – 2008 ж.т. ұл, қыз);

ME, WE (2005 – 1988 ж.т. ер, әйел);

Командалық есепке алынатын қатысушылар әр топтан бір ұл, бір қыз жарысқа сұраныс беру сәтінде көрсетіледі. Басқа қатысушылар жеке сынақта ғана сайысқа түседі.

IV. Жарыс шарты

Жарыс бағдарламаға сай 1 күн өтеді. Қатысушылардың жарыс бағдарламаларын орындау үшін қажетті құралдары, арнайы киімі мен аяқ киімі болуы тиіс. Команда өкілі мандат комиссиясына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

1. Жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс

№	ТА (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт.разряд	Есеп (Зачет)	Дәрігер рұқсаты
1						

(сұранысты берілген нұсқа бойынша тапсыру сұралады)

1. Іс сапар туралы бұйрық

2. Әр қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасы

Алдын – ала өтінішті 2024 жылдың 6 мамырына дейін turizm_07@inbox.ru немесе WhatsApp номер: 8-705-410-31-78 жіберіп, өтініш жіберілгендігі жөнінде 8 -705-410-31-78 немесе 8-707-786-19-98 хабарлап айту қажет.

V. Жарыс бағдарламасы

10 мамыр 2024 жыл

10.00–дейін командалардың келуі

10.30–11.00 – Командалардың тіркелуі. Спорттық бағдарлаудан «Көктемгі бағдар - 2024» аудандық жарысының ашылу салтанаты

11.00 – 13.00 –«Спринт» қашықтығы

13.00–14.30 – Түскі ас

14.30 –16.00 – «Орта» қашықтығы

16.00 – 17.00– Спорттық бағдарлаудан «Көктемгі бағдар - 2024» аудандық ашық жарысының жабылу салтанаты

VI. Марапаттау

Әр қашықтық бойынша, жас мөлшеріне қарай жеңімпаздар 1 – 3 орын грамоталармен марапатталады. Екі қашықтықтың қорытындысы бойынша орын алған спортшылар медальдармен марапатталады. Жалпы қорытынды есепке әрбір қашықтық бойынша командалық есепке қатысатын қатысушының нәтижесі 1 ер (ұл), 1 (әйел) қыз енгізіледі. ***Жарыс басталған сәттен бастап, командалық есепте сыңға түсетін қатысушыларды алмастыруға тиым салынады!!!***

VII. Қаржыландыру

Жарысты ұйымдастыру және өткізуге байланысты шығындарды БЖТжЭО мекемесі өтейді. Жарыстың әрбір кезеңінде қатысушылардың шығындарын, қатысушылардың жарысқа келуі мен тамақтану шығындары іс-сапарға жіберуші мекемеге жүктеледі.

Кординаторлар: Бас төреші Мухамбетов Жасұлан Сапарбекұлы, тел: 8 708 697 03 45,

Қашықтық басшысы Беркинғалиев Фархат Сырымұлы тел: 8 705 410 31 78,

Бас хатшы: Сағыналин Ерлан Русланұлы тел: 8 707 786 19 98

Ұйымдастырушылар жарыс бағдарламасына аздаған өзгеріс енгізуге құқылы!